

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат алу үшін ұсынылатын құжаттардың мазмұнына қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2002 жылғы 24 тамыз N 317. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 9 қазанда тіркелді. Тіркеу N 2000. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 9 қаңтардағы №N 12 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 9 қаңтардағы №N 12 қаулысымен .

"Сақтандыру қызметі туралы" Z000126_ Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат алу үшін ұсынылатын құжаттардың мазмұнына қойылатын талаптар туралы нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

3. Осы қаулы күшіне енген күннен бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарын ашуға рұқсат беру (қайтарып алу) ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 24 мамырдағы N 244 V001198_ қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Банктерді және сақтандыруды қадағалау департаменті (Раева Р.Е.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына жіберсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы
Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
"Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымын құруға рұқсат алу үшін
ұсынылатын құжаттардың мазмұнына
қойылатын талаптар туралы
нұсқаулықты бекіту жөніндегі"
2002 жылғы 24 тамыздағы

N 317 қаулысымен бекітілген

**Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға
рұқсат алу үшін ұсынылатын құжаттардың мазмұнына
қойылатын талаптар туралы нұсқаулық**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық "Сақтандыру қызметі туралы" Z000126_ Қазақстан Республикасының Заңы мен Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын (бұдан әрі - сақтандыру ұйымы) құруға рұқсат алу үшін ұсынылатын құжаттардың мазмұнына қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Сақтандыру ұйымын құруға рұқсатын алу құжаттарын сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік ұйымның сақтандыруды қадағалау бөлімшесі қабылдайды әрі қарайды.

3. Сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік ұйым (бұдан әрі - уәкілетті мемлекеттік ұйым) сақтандыру ұйымын құруға берген рұқсаттардың есебін жүргізеді.

**2-тарау. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын
құруға рұқсат алу үшін ұсынылатын құжаттардың
мазмұнына қойылатын талаптар**

4. Сақтандыру ұйымын құруға рұқсатты алу үшін уәкілетті мемлекеттік органға "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабында көзделген құжаттарды ұсынады.

5. Сақтандыру ұйымын құру рұқсатын алуға өтініш осы Нұсқаулықтың N 1 қосымшасында көрсетілген нысан бойынша жасалады.

6. Құрылтайшылар (занды және жеке тұлғалар) жөніндегі мәліметтер осы Нұсқаулықтың NN 2, 3 қосымшаларында көрсетілген нысан бойынша жасалады.

7. Құрылатын сақтандыру ұйымының бизнес-жоспары осы Нұсқаулықтың N 4 қосымшасында көрсетілген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

8. Сақтандыру ұйымын құруға рұқсатты алған кезде құрылтай құжаттарының алғашқы беттері осылайша бекітіледі: "Қазақстан Республикасында сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік ұйыммен 20__ жылғы "___" _____ келісілген және оған уәкілетті мемлекеттік ұйымның басшысы (басшының орынбасары) қол қойып, уәкілетті мемлекеттік органның мөрімен бекітіледі.

Сақтандыру ұйымының келісілген құрылтай құжаттарының бір данасы сақтандыру ұйымының заң іс құжаттарына тігіледі. Қалған даналары өтініш берушіге Әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өту үшін қайтарылады.

9. Уәкілетті мемлекеттік орган осы Нұсқаулықтың N 5 қосымшасында көрсетілген нысан бойынша сақтандыру ұйымын құру рұқсатын береді.

3-тарау. Қорытынды ережелер

10. Осы Нұсқаулықта реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Басқармасының "Сақтандыру (қайта
сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат алу
үшін ұсынылатын құжаттардың мазмұнына
қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты
бекіту жөніндегі" 2002 жылғы 24 тамыздағы
N 317 қаулысымен бекітілген
Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын
құруға рұқсат алу үшін ұсынылатын
құжаттардың мазмұнына қойылатын
талаптар туралы нұсқаулыққа

N 1 қосымша

Сақтандыру қызметін реттеу
және қадағалау жөніндегі
уәкілетті мемлекеттік
ұйымның басшысына

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құру рұқсатын алуға
ӨТІНІШ

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құру рұқсатын алуға
өтінішті жасау құқығы берілген уәкілетті тұлға болып табылатын _____

(фамилиясы, аты, әкесінің аты және осы өтінішті жасауға құқық

беретін

құжатқа

сілтеме)

(осы тұлғаның жұмыс орны және қызметі, тұратын жері)

" _____ " _____ жылғы N _____ шешіміне сәйкес

(шешім қабылдаған орган, шешім қабылданған жер)

(құрылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының толық атауы)

(оның орналасқан жерін көрсете отырып)

құруға рұқсат берілсін.

Құрылтайшылар өтінішке қоса берілетін құжаттардың сенімділігіне, сондай-ақ сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік ұйымға осы өтінішті қарауға байланысты сұратылатын қосымша ақпаратты уақтылы ұсынуға жауап береді.

Қосымшасы (жіберілетін құжаттардың атауымен тізбесі, даналардың және олардың әр қайсысы бойынша парақ саны көрсетілсін): _____

(құрылтайшылар атынан өтініш беруге уәкілетті адамның қолы, күні)

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Басқармасының "Сақтандыру (қайта
сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат алу
үшін ұсынылатын құжаттардың мазмұнына
қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты
бекіту жөніндегі" 2002 жылғы 24 тамыздағы
N 317 қаулысымен бекітілген
Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын
құруға рұқсат алу үшін ұсынылатын
құжаттардың мазмұнына қойылатын
талаптар туралы нұсқаулыққа

N 2 қосымша

ҚҰРЫЛТАЙШЫ ЖӨНІНДЕГІ МӘЛІМЕТТЕР
(заңды тұлға)

(сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының толық атауы)

1. Құрылтайшы _____

(заңды тұлғаның толық атауы)

2. Орналасқан жері _____

(почталық индексі және мекен-жайы, телефоны, факсы)
3. Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер_____

(құжаттың атауы, номері, берілген күні, кім берді)
4. Қызмет түрі_____

(негізгі қызмет түрлері көрсетілсін)
5. Қазақстан Республикасының резиденті, резидент емес болып табыла ма (резидент емес үшін қай елдің резиденті болып табылады)_____

6. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құрылтайшысы - заңды тұлғаның басшысы туралы ақпарат_____

(фамилиясы, аты, әкесінің аты, туған күні және жылы)
Білімі_____

(оқу мекемесі, аяқтаған жылы, мамандығы көрсетілсін)
7. Өзге заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысқаны туралы
м ә л і м е т т е р :

осы заңды тұлғалардың атауы және орналасқан жері _____

осы заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы
деректер_____

олардың қызмет түрі (негізгі қызмет түрлерін атап көрсетіңіз)

әрбір заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы үлесі (салымы)

8. Заңды тұлғаның жарғылық капиталында кемінде 10% ие құрылтайшы
акционерлерінің/қатысушылардың тізбесі:

осы заңды тұлғалардың атауы және орналасқан жері немесе
фамилиясы, аты, әкесінің аты және тұратын жері_____

осы заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы
деректер_____

олардың қызмет түрі (негізгі қызмет түрлерін атап көрсетіңіз)

құрылтайшының жарғылық капиталындағы үлесі (салымы)

(құрылтайшының - заңды тұлға басшысының қолы, күні)

(құрылтайшының - заңды тұлғаның мөрі)

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Басқармасының "Сақтандыру (қайта
сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат алу
үшін ұсынылатын құжаттардың мазмұнына
қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты
бекіту жөніндегі" 2002 жылғы 24 тамыздағы
N 317 қаулысымен бекітілген
Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын
құруға рұқсат алу үшін ұсынылатын
құжаттардың мазмұнына қойылатын
талаптар туралы нұсқаулыққа

N 3 қосымша

ҚҰРЫЛТАЙШЫ ЖӨНІНДЕГІ МӘЛІМЕТТЕР
(жеке тұлға)

(сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының толық атауы)

1. Құрылтайшы _____
(Фамилиясы, аты, әкесінің аты)
2. Туған күні _____
3. Азаматтығы _____
4. Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері (нөмірі, сериясы,
берілген күні және кім берді) _____
5. Тұратын жері _____
6. Жұмыс орны, қызметі _____
7. Білімі _____

(оқу мекемесі, аяқтаған жылы, мамандығы көрсетілсін)

8. Еңбек қызметі туралы қысқаша резюме _____

(орны, қызметі, жұмыс істеген уақыты)

9. Өзге заңды тұлғалардың жарғылық капиталына (тікелей немесе
аффилиирленген тұлғалар арқылы) қатысканы туралы мәліметтер:
заңды тұлғаның атауы және орналасқан жері _____

олардың қызмет түрі (негізгі қызмет түрлерін атап көрсетіңіз)

әрбір осындай заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы үлесі (салымы)

10. Құрылтайшының жақын туыстарының (әкесі, шешесі, ағасы, әпкесі, балалары), күйеуінің (әйелінің), сондай-ақ күйеуінің (әйелінің) жақын туыстарының қатысқаны туралы мәліметтер:
құрылатын сақтандыру ұйымының және өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталына тікелей немесе аффилиирленген тұлғалар арқылы: осы заңды тұлғалардың атауы және орналасқан жері _____

осы заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы деректер _____
олардың қызмет түрі (негізгі қызмет түрлерін атап көрсетіңіз)

әрбір осындай заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы үлесі (салымы)

(қолы, күні)

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Басқармасының "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат алу үшін ұсынылатын құжаттардың мазмұнына қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты бекіту жөніндегі" 2002 жылғы 24 тамыздағы
N 317 қаулысымен бекітілген
Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат алу үшін ұсынылатын құжаттардың мазмұнына қойылатын талаптар туралы нұсқаулыққа

N 4 қосымша

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бизнес-жоспарына қойылатын негізгі талаптар

Жалпы мәселелер бойынша.

Осы бөлімнің мақсаты ұйымның болашақ қызметіне қысқаша шолу беру болып табылады.

Бөлім мыналарды қамтуы тиіс:

1. Сақтандыру ұйымын құру мақсатын.

2. Қызметтің негізгі бағыттарының қысқаша сипатын және ұйым бағыт алған
рыноқтың сегментін.

3. Рынок туралы ақпаратты және ұйым өз өнімін/қызметін қалайша сататыны туралы ақпаратты.

4. Қаржы жоспарын.

5. Ұйымның ұйымдық құрылымын.

6. Ұйым мамандары білімінің болжанатын деңгейін.

Ұйым туралы ақпарат.

Бөлім мыналарды қамтуы тиіс:

1. Сақтандыру қызметінің болжанатын бағыттарын.

2. Ұйымдық-құқықтық нысанын.

3. Қызмет тарихын және/немесе қызмет басталуының болжанатын күнін.

4. Ұйымның, оның филиалдарының орналасқан жерін.

5. Ұйымның оның құрылтайшыларымен, құрылтайшылардың құрылтайшыларымен және басқа аффилиирленген жеке әрі заңды тұлғалармен өзара байланысын көрсететін нобайды.

6. Заңгерлер, бухгалтерлер, актуариилер (ішкі, тәуелсіз), аудиторлар туралы ақпаратты, басқа ұйымдардың мамандарымен іскерлік байланыстарды.

7. Ішкі аудит қызметінің принциптерін.

8. Қатаң есептегі құжаттардың сақталу жүйесін қамтамасыз етуді.

9. Өндірістік қорларды: бөлменің болуын (жеке не жалға алынған), компьютерлік және басқа да техниканы.

Сақтандыру саласын дамыту.

Бөлім мыналарды қамтуы тиіс:

1. Өткен шағын:

өнім тарихының қысқаша сипаты;
өнімнің уақытша қолданылу мерзімі.

2. Қазіргі уақытын:

рыноктағы ағымдағы әзірлеулер.

3. Болашақты:

даму болжамы;

рынок конъюнктурасы жақсы не нашар жағына өзгерген жағдайда саланың сипаты;

сақтандыру саласының дамуына әсер ететін кез келген әлеуметтік үрдістер немесе басымшылықтар;

демографиялық, әлеуметтік-экономикалық және саяси факторлардан туындайтын кез келген мүмкіндіктер.

Өнімдер/қызметтер.

Бөлім мыналарды қамтуы тиіс:

1. Өнімдердің/қызметтердің сипатын.

2. Керемет мүмкіндіктер жөніндегі болжамдарды:

1) сіздің өніміңіздің/қызметіңіздің бәсекелесушілер алдында
б а с ы м д ы қ т а р ;

2) ж о ғ а р ы с а п а ;

3) б а ғ а ;

4) к е р е м е т т і г і .

3. Өнімді/қызметті сатуға мүмкіндік беретін өзіне тән ерекшеліктерін -
б а с ы м д ы қ т а р ы н .

4. Болашақта көрсетілетін кез келген қосымша қызметтерді.

5. Сақтандыру өнімдерінің жаңа түрлерін әзірлеу саясатын.

Р ы н о к т ы ң с е г м е н т і .

Бөлім мыналарды қамтуы тиіс:

1. Өнімді/қызметті сатып алушылардың/пайдаланушылардың сипатын.

2. Сату бағыттарын: жеке және заңды тұлғаларға.

3. Демографиялық талдау:

жасы, жынысы, әлеуметтік экономикалық ахуалы, кіріс деңгейі.

4. Қызметті тұтынушыларға психографиялық талдау (өмір салты).

Маркетингтік зерттеулер.

Бөлім мыналарды қамтуы тиіс:

1. Рынок сегменттерінің сипатын.

2. Рынок мөлшерін.

3. Рыноктың орналасқан жерін.

4. Мақсатты рыноктың демографиялық көрсеткіштер - жасы, кірісі.

5. Осы рынокта сату үшін қажетті стратегия (бағасы, жылжыту
құралдары, коммуникациялар, бөлу әдістері).

6. Сақтандыру өнімін бөлу тәсілдері.

Сақтандыру андеррайтингі.

Бөлім мыналарды қамтуы тиіс:

1. Баға деңгейлерін.

2. Сақтандыру андеррайтингісінің қолданылатын критерийлерін.

3. Шығыс деңгейлерін (белгіленген, ауыспалы).

4. Шығын қорының деңгейлерін.

5. Қайта сақтандыруға тапсырылатын және қабылданатын тәуекелдер.

6. Сақтандыру андеррайтингінің процесіне әсер етуі мүмкін рынокта қызметті
жүзеге асырудың маңызды мәселелері.

7. Сақтандыру андеррайтингісіне жауап беретін ұйымның басты тұлғалары.

Б ә с е к е л е с т і к .

Бөлім мыналарды қамтуы тиіс:

1. Тікелей және тікелей емес бәсекелестікті.

Сіздің бәсекелестер туралы біліміңіз:

- 1) орналасқан жері: барлық Ұлттық рынокқа бағыт ұстау немесе жергілікті рыноктарға бағыт ұстау;
 - 2) олардың операцияларын өзіңіздікімен салыстыру;
 - 3) баға стратегиясы;
 - 4) қызмет көрсету уақыты және/немесе өнімді пайдалана алу;
 - 5) өнімді салыстыру;
 - 6) қызметінің ұзақтығы;
 - 7) олардың жарнама әдістері;
 - 8) соңғы бірнеше жылдарда өнім түрлері бойынша салада өсуі.
2. Өнім түрлері бойынша барлық бәсекелесушілердің (тікелей және тікелей емес) тізімі.

Менеджмент және ұйымдық құрылым.

Бөлім мыналарды қамтуы тиіс:

1. Басқару органдарын.
2. Басқарушы қызметкерлер - біліктілігі, білімі туралы ақпарат, басшы ретінде жұмыс тәжірибесі, оның ішінде қаржы саласында және өзге де мәліметтер.
3. Ұйымдық құрылымын.
4. Барлық басты мамандардың функционалдық міндеттерінің сипатын.
5. Үлгі еңбек шарттарын, агенттік және брокерлік келісімдерді.
6. Кеңесшілер және қауымдастықтар туралы ақпаратты.
7. Қызметкерлерге қойылатын болашақ талаптарды.
8. Сақтанушылардың шағымдарымен жұмысты ұйымдастыру.
9. Сақтандыру ұйымының қызметкерлерін және сақтандыру агенттерін оқытуды ұйымдастыру.

Инвестициялық саясат.

Бөлім мыналарды қамтуы тиіс:

1. Инвестициялық саясаттың, инвестициялық жоспарлардың сипатын, портфельді қалыптастыру.
2. Осы жоспарлардың сақталуына жауапкершілік.
3. Инвестициялардың түрлері бойынша диверсификациялау.
4. Активтер сапасын бағалауды.
5. Инвестициялық саясатқа жауапты ұйымның басты тұлғалары.

Қаржылық ақпарат.

Бөлім мыналарды қамтуы тиіс:

1. Бастапқы шығыстар, баптар бойынша бөлу.
2. Жақын арадағы үш жылға болжанатын кіріс пен шығыстар.
3. Жақын арадағы үш жылға болжанатын бухгалтерлік баланс.
4. Жақын арадағы үш жылға болжанатын ақша ағымы туралы есеп.
5. Белгіленген және ауыспалы шығыс пен кірісті есептеген кезде

қолданылатын әдістер мен тәсілдерді жан-жақты ашу, актуарлық қорларды, инвестициялардың, салықтардың, қайта сақтандырудың мөлшерін белгілеу.

6. Ұйымның рыноктағы ең нашар және ең жақсы жағдайы сценарийлердің қаржылық сипатын.

7. Активтердің/міндеттемелердің бағасын.

8. Өтімділікті талдау.

9. Келесі үш жыл ішінде капиталға инвестициялар немесе алып тастау.

10. Келесі үш жылға акционерлерге дивидендтер.

Қаржыландыру.

Бөлім мыналарды қамтуы тиіс:

1. Ұйымды құрған кезде қаржыландыру бойынша бастапқы іс-шараларды.

2. Қажет болған жағдайда қаржыландыру көздерінің болуын.

3. Заемдар болған кезде олардың өтеудің болжамдық кестесін.

Баға стратегиясы.

Бөлім мыналарды қамтуы тиіс:

1. Баға стратегиясының объектілерін.

2. Қолданылатын бағалар, негіздеме.

3. Төмен, орташа және жоғары бағаның стратегиясын.

4. Бағаның рыноктың қажеттілігіне сәйкес болуын.

5. Мыналардан ұсынуды күту:

1) бағаның өзгеруінен табыстың;

2) тұрақты негізде жеңілдіктерді ұсынуудан.

6. Сақтандыру өнімдерінің түрлері бойынша кірістілікті талдау.

7. Қабылданатын тәуекел түрлерін.

Жылжыту стратегиясы.

(жарнама, тікелей сату, почта, интернет, сатуды жылжыту және басқалары.)

Бөлім мыналарды қамтуы тиіс:

1. Сату жүйесін әрі сақтандыру өнімдерін ұйымдастыруды және өткізуді ынталандыруды.

2. Стратегияны іске асырған кезде ұйымдастырудың міндеттерін.

3. Жылжыту әдістерін және оларды пайдалану себептерін:

1) мамандандырылған басылымдар, қоғамдық баспа, радио, теледидар;

2) почтамен жөнелту, мекен-жай бойынша жөнелту, веб-сайт, брошюралар,

буклеттер және т.б.

4. Бизнесті жылжытудың басқа да ерекше түрлерін.

5. Жарнамаға шығатын шығынға талдау.

6. Жарнаманың бағытын талдау.

7. Жарнаманың жыл сайынғы бюджеті.

8. Өнімді жылжытуға байланысты барлық шығыстар және уақытша шектеулер

Сақтандыру өнімдерін бөлу.

Бөлім мыналарды қамтуы тиіс:

1. Сақтандыру өнімдерін бөлу саясатын.
 2. Мақсатты сегменттерді.
 3. Аймақтық, аудандық, ұлттық, халықаралық бөлуді.
 4. Қалалық және ауылдық рыноктар.
 5. Жеке және заңды тұлғаларға бағыт бағдары.
 6. Сіздің қызметіңіз үшін географиялық бөлудің маңыздылығын.
 7. Бөлудің басқа да көздерін.
8. Сақтандыру өнімдерін таратушыларға қойылатын критерийлер.

Қайта сақтандыру.

Бөлім мыналарды қамтуы тиіс:

1. Өнім түрлері бойынша өзінің ұстап қалу лимиттерін.
2. Қайта сақтандыру келісімдерінің сипатын.
3. Ынтымақтастық құру болжанып отырған қайта сақтандыру ұйымдарының а т а у ы н .
4. Қайта сақтандыруға тапсыру үшін тәуекелдің болжанып отырған проценті (қабылданатын тәуекелдердің жалпы сомасынан).

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Басқармасының "Сақтандыру (қайта
сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат алу
үшін ұсынылатын құжаттардың мазмұнына
қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты
бекіту жөніндегі" 2002 жылғы 24 тамыздағы
N 317 қаулысымен бекітілген
Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын
құруға рұқсат алу үшін ұсынылатын
құжаттардың мазмұнына қойылатын
талаптар туралы нұсқаулыққа

N 5 қосымша

Сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі
уәкілетті мемлекеттік орган
(Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасының суреті бар
бланкіге басылады)

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға
РҰҚСАТ N _____

Осы рұқсат _____
(сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының толық атауы)
_____ құруға берілді

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісілген құрылтай құжаттарымен бірге Қазақстан Республикасының Әділет органдарына ұ с ы н ы л а д ы .

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығын бермейді.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат оны берген күннен бастап алты ай ішінде заңды күшке ие болады.

Сақтандыру қызметін реттеу
және қадағалау жөніндегі
уәкілетті мемлекеттік органның
басшысына (Басшының орынбасары)

_____ " ____ " _____ жыл М.О.